

«Ақмола облысы білім басқармасының Зеренді ауданы бойынша
білім бөлімі Зеренді ауылының М.Ғабдуллин атындағы
мектеп - гимназиясы»КММ

2023-2024 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының
сипаттамасы

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:
Кенжана Дамегуль Мухамедрахымовна

Мектептің тәрбие жұмысының жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрлігі 2023 жылғы 19 қыркүйек № 294 бұйрық 2023-2026 жылдарға арналған кешенді тәрбие негізінде құрылып, бекітілді. Биылғы оқу жылында тәрбие жұмысы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында, оның ішінде оқушылардың жас ерекшеліктері ескеріле отырып, ұлттық құндылықтарды іске асыру қажеттігі және жұмыстың жоспары №130 бұйрықпен жүзеге асырылды.

[/public/files/2024/6/3/030624_151759_tбие-ghospary.pdf](https://public/files/2024/6/3/030624_151759_tбие-ghospary.pdf)

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалды. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделді.

Тәрбие беру жұмысының пайымы: Жеке тұлғаның ақпараттық – коммуникациялық құзырлығы негізінде рухани - адамгершілік дамуын қалыптастыру.

Мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Мектептің тәрбие жұмысының мақсаттары мен міндеттері «Біртұтас тәрбие» бағдарламасына негізделді.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Д.М.Кенжина сынып жетекшілер отырысында, сынып жетекшілер мен тәрбиешілерді «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» таныстырып, жылдық жұмыс жоспарының құрылу үлгісін көрсетті.

Мектепшілік бақылау жұмысының жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығының негізінде тоғыз бөлімнен құрылып, ай сайын тәрбие жұмысының мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес, жұмыс түрлері бақыланды.

«2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаттағы өзгерістермен таныстырып, сынып сағаттары жыл көлемінде он бес төрт сағатпен құрылып, оның ішінде педагог-психологтың әр сыныпта жылғана төрт тақырып бойынша сынып сағаты енгізілді.

«Тоғыз айға, тоғыз іс-шара» тұжырымдамасы бойынша, тоғыз айдағы іс-шараларды өткізудің атаулары мен бірыңғай тәртібін реттеп, әкелен ұрпақты тәрбиелеудің ұлттық құндылықтарын қалыптастыру шеңберінде ай сайынғы іс-шараларды өткізуге бірыңғай көзқарас қамтамасыз етіліп, іс-шаралардың тақырыптары, ережелері, мазмұны бірыңғай тәсілдеме арқылы жүзеге асырылды.

«Төрт тоқсан – төрт өнер» ұлттық мәдени-ағартушылық жобасы аясында жашай мерекелер, байқаулар, көрмелер, сайыстар, олимпиадалар, талым жобалар, фестивальдер өткізілді.

Сыныптар мен мектеп әкімшілігі арасында кезектілік кестесі ұйымдастырылды. Мақсаты, мектептің ішкі тәртібін сақтау, келенсіз жағдайлардың алдын алу мен қауіпсіздікті бақылау. Әрбір сыныпта сынып, денсаулық бұрыштары және жол қозғалысының ережесі бұрыштары белендіріліп, ақпараттар жаңартылды. 1-8 сыныптар үшін жол қозғалысының ережелері оқу бағдарламасына сәйкес, 1-4 сыныптар үшін аятылал 5-8-сыныптар үшін он сағаттан жоспарланып, тақырыптары күнделік kz жеке парақшата толтырылды. [/public/files/2024/6/3/030624_152145_apci-analyzy-egedholer-oi-pni-folk-ketzholk-tavypdy-ghospary.pdf](https://public/files/2024/6/3/030624_152145_apci-analyzy-egedholer-oi-pni-folk-ketzholk-tavypdy-ghospary.pdf)

1-11 сынып жетекшілері мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан халқына арналған дәстүрлі жолдауымен таныстырып, ондағы қойылған міндеттерге назар аудартып, ақпараттық бұрышты жаңартып, Қазақстан Республикасының оқу-ағарту министрінің бұйрығымен бекітілген орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптармен оқушыларды, ата-аналарды таныстыру (Хиджаб, діни атрибут) және терроризмге қарсы ата-аналарға, оқушыларға жаднама парақшалары таратып, мектептің бірінші қабатының дәлізіне мектеп формасына байланысты бұрыш әзірленді.

«Террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыруға қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 6 мамырдағы №305 қаулысына сәйкес мектеп оқушыларына қолайлы жағдайлар мен қауіпсіз орта құру мақсатында мектебімізде отыз бейнебақылау орнатылған. Оның 19-ы ішкі, 11-і сыртқы. Барлығы да жұмыс істеп

түр.Бейнедеректер отыз тәулік сақталады. Олар объектідегі ахуалды бақылауды жіті жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Объектілер тәуліктің қараңғы уақытында олардың терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында күзеттік жарықтандыру жүйелерімен және құралдарымен жабдықталған.Сондай-ақ білім беру ұйымына іргелес жатқан ғимарат пен аумақтың балаларға қауіп төндіретін олардың тұрақтылығы мен бекітілуі, ашық люктердің, жалаңаш сымдардың, шұңқырлардың және т. б. болуы тұрғысынан қауіпсіз-дігін үнемі бақыланды.

Мектеп ортасында құқықтық сауаттылықты арттыруға, оқушылардың құқықтық санасын қалыптастыруға және қауіпсіз мектеп ортасын құруға жауапты мінез-құлық дағдыларын және салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталды.Білім беру ұйымына келушілерді кіргізуді арнайы берілген карточка арқылы өткізетін турнир арқылы жүзеге асырылды.«Дабыл түймелері» аудандық ішкі істер бөлімі мен «M/B SECURITY» ЖШС-мен қосылды.Мектептегі күзетті «M/B SECURITY» ЖШС жүзеге асырды.3 күзетші бар, олар мектепке сырттан келіп-кетушілерді тіркеп, күзетті қамтамасыз етті. Күнделікті дабыл жүйесінің жұмыс істеуін күзет фирмасы мен ішкі істер бөліміне «дабыл түймесін» басу арқылы тексеріс жүргізіп отырғды.Бұл бойынша арнайы журнал жүргізілді. Бастауыш корпус пен интернат жатақханасында келіп-кетушілерді тіркеуді, қадағалауды вахтерлар жүзеге асырғды.

Білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету,кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын - алу және профилактикалық қауіпсіздік шараларын, өрт сөндіру қызметтерінің, денсаулық сақтау органдарының қызметкерлерімен,қамқоршылар кеңесінің және ата-аналар жұртшылығымен бірлесіп әртүрлі іс-шаралар атқарылды.Сонымен қатар көшеде, жолда қауіпсіз жүріс-тұрыс қағидаларын түсіндіру бойынша қауіпсіздік сабақтары, дөңгелек үстел, акциялардың ұйымдастырылуының нәтижесінде,мектепшілік,аудандық ювеналды полиция қызметкерлерінің есебінде тұрған балалар жоқ.

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген «Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларына» және жаңа редакцияда жарияланған ҚР «Білім туралы»Қазақстан Республикасы Білім министрінің м.а.01.03.2023 жылғы №56 бұйрығының 44-бабының 9-тармағына және Зеренді ауданы «Білім бөлімі» ММ-нің 2023 жылғы 10 тамыздағы № 354/ А бұйрығына сәйкес,2023 жылдың 11-ші тамыз күні «Білім беру ұйымындағы қамқор-шылық кеңес қызметін тоқтату туралы» № 98/А бұйрығымен қамқоршылар кеңесінің жұмысы тоқтатылып, 2023-2024 оқу жылының жаңа құрамы сайланып,отырыстар өтті.Отырыс барысында жоспарлары қарастырылып,бекітілді. Жыл бойы ең өзекті әрі маңызды деген сұрақтар қарастырылып, демеушілік көрсету жолдары талқыланды.Мектеп бюджетінің ашықтығын қамтамасыз ету үшін,демеушілер тарапынан түскен қаражат аудандық білім бөлімі ашқан есеп шотына аударылатындығы,ал мектеп түлектерінің өз еркімен заттай табыстаған құнды сыйлықтары мектеп балансына қойылатынын қамқоршылар кеңесінің құрамы бірауыздан қолдады.Барлық маңызды мәселе-лер,уақытында өз шешімдерін тауып отырды.Жыл көлемінде төрт отырыс өтіп,мектептің сайтына және Instagram интернет желісіне жарияланды.

Интернат жатақханасы екі қабатты,сыйымдылығы жетпіс орын.Оның бірінші қабатында ұлдар, екінші қабатында қыздар тұрады.Бөлмелерде оқушылар жас ерекшеліктеріне сай орналастырылды. Сабақ оқитын бір сыныбы,демалыс залы,медбике бөлмесі,әр қабатта санузел бөлмелері бар. Температуралық режим үнемі қадағаланып,сақталды.

2023-2024 оқу жылы тәрбиеленушілердің жалпы саны:54.Ұлдар:26, қыздар:28.Оның ішінде,екі оқушы ата-аналар қамқорлығынсыз қалған,он оқушы көп балалы отбасынан және бес оқушы аз қамтылған отбасынан шыққан.Апта сайын 15 ауылдық мекендерге,ПА3-051ВТ автобусымен тасымалданып,қауіпсіздік ережесін ұстану мақсатында арнайы нұсқаулықтармен таныстыру жұмыстары жүргізілді.Асхана сыйымдылығы жүз орын.Интернат тәрбиеленушілері күніне бес мезет тамақтанады.Тамақтың ас мәзірі санитарлық талапқа сай құрылып,сапасын үнемі мектеп медбикесі,интернат меңгерушісі және бракиржды комиссия құрамы бақылауда ұстайды.

Биылғы оқу жылында он сегіз сынып сынып жетекші,ал мектеп жанындағы интернатта:интернат меңгерушісі,медбике,күндізгі және түнгі тәрбиешілер қызмет атқарды.

Білім күніне орай, «Алғашқы қоңырау!» атты салтанатты жиын өткен соң, I-II-ші сыныптарда «Мектебім-мейірім мекені» тақырыбында бірінші сынып сабақтары өткізілді.«Ұстаз болу-бақыт,әрі абырой» атты мерекелік құттықтау және «Өзін-өзі»басқару ұйымы«Дублер» күніне орай,білім алушылармен видеолар арқылы мұғалімдерді құттықтап, түрлі өлең жолдарын,арнауларын жолдады.Мерекелік концерт барысында ұстаздар жайында әндер орындалып, мектеп вальстері

биленип, түрлі құттықтау өлең жолдары арналды. Үстиздарға арналып арнайы видео жасалынып, әлеуметтік желіге жарияланды.

Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы, әр ұстаз нұсқаулықпен танысып, сынып жетекшілер бірлестігінің жетекшісі Г.М.Қалибаева әдістемелік бірлестігінің жұмыс жоспарына орай, отырыстар өткізіп, әдістемелік көмектер ұсыну жұмыстарын жүргізді. Жыл көлемінде төрт отырыс өтті. Аудан көлемінде директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына «Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы» атты тақырыпта іс-тәжірибемен бөлісу семинары өтті. Семинар барысында сынып жетекшілер дебат, сынып сағаттарын, шебер сынып, коучинг, ал директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары «Отбасы – адамзат қоғамының ең шын бейнесі» тақырыбында ток-шоу өткізді. Нәтижесінде, аудандық білім бөлімі тарапынан іс-шара «жоғары» деңгейде өтті деп бағаланып, ат салысқан ұстаздарға сертификат, грамота табысталды.

Сынып	Сынып сағаты	Коучинг	Дебат	Ток-шоу	Жауапты мұғалім	Марапаттау
4	«Кітап-өмірлік ұстаз»				Г.М.Қалибаева	АББ Сертификат
7 «ә»	«Күнделікті өмірдегі алаңдық»				Г.Б.Асылбек	АББ Сертификат
8 «ә»		«Мектептегі тәрбие жұмысын ұйымдастырудағы, сынып жетекшінің ролі»			А.М.Ескен	АББ Сертификат
6 «а»			«Бірыңғай мектеп формасы- табиғи қоғам талабы»		Г.Б.Ахметжарова	АББ Сертификат
ДТЖО				«Отбасы – адамзат қоғамының ең шын бейнесі»	Д.М. Қошжана	АББ Грамота

Ақпан айында мектепшілік «Үздік сынып жетекші-2024» байқауы өткізілді. Оның мақсаты: «Біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру, шығармашылықпен жұмыс жасайтын сынып жетекшілер мен тәрбиешілерді анықтау». Нәтижесінде, «Бас жүзде» иегері 6 «а» сынып жетекшісі Г.Б.Ахметжарова, I орын 1 «ә» сынып жетекшісі Ж.С.Абдрахманова, II орын 5 «а» сынып жетекшісі Ж.Б.Омарова, III орын 6 «ә» сынып жетекшісі Ә.С.Садықова иеленді. Байқауға ТОО «Дюсемба-Қажә» Бекқошкин Ербатыр Есентаевич өз тарапынан қаржылай демеушілік көрсетсе, мектеп әкімшілігі мақтау қағаздарымен марапаттады.

Мектеп жасындағы балаларды оқуға тарту, аз қамтылған отбасынан шыққан оқушыларға жан-жақты материалдық көмек көрсету мақсатында, «Мектепке жол» акциясы ұйымдастырылды. Аз қамтылған отбасынан шыққан екі оқушыға «Жастар ресурстық» орталығы мектепке қажетті заттармен, ал аудандық білім бөлімі тарапынан 1-сынып оқушысына жеңсе тауарларын, аудандық білім беру қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымы екі оқушыға қырық бір мың теңгеге, ал аудан әкімі 6-шы сынып оқушысына елу мың теңгеге демеушілік көрсетті. Жаңа жылда аудан әкімі шыртысында төрт оқушыға құнды сыйлықтар, тәттілер сыйға тартылды. Мектебімізде жыл сайын дәстүрге айналып келе жатқан «Көмек BOX» акциясы биылғы оқу жылында да жалғастырылды.

Жалпыға бірдей міндетті оқу қорынан бір мезгіл саналы ыстық тамақты қажет ететін көп баланы аз қамтылған, тұлдыр жетім және ата-ана қамқорлығына қарамай оқушыларды анықтау бойынша тізім жасалып, ата-аналар тарапынан қажетті құжаттар жинақталып АББ-не тапсырылды. Нәтижесі, мектеп сайтында ай сайын жарияланды. Биылғы оқу жылында бір мезгіл тегін ыстық тамақпен қамтылған балалар саны қырық бір оқушыға құрады. Тегін тамақтануды ұйымдастыру және оны бақылау мақсатында сәйкес бракеражды комиссия құрамы анықталып, жоспар құрылды. Білім алушылардың саналық тамақтануы бракеражды комиссия тарапынан күнделікті тексеріліп, ай сайын мониторинг жасалып, саналы тамақтанудың жолдарын жүзеге асырылды. Биылғы жылы мектеп

бойынша өгей әкемен он бір, ал өгей анамен бір және заңсыз өкілдермен сенімхат арқылы тұрып жатқан жеті оқушы бар. Олардың барлығының отбасылық-тұрмыстық жағдайлары тексеріліп, зерттеу актілері жасалды, үнемі ол отбасылар назарда болды.

Мектеп пен ата-аналардың өзара байланысы кезінде балалардың мүддесі үшін үш одақ арасында ынтымақтастық орнатылды. Аналарға арналған дәрістерді, ата-аналар кештерін, Ашық есік күндерін, тренингтерді онлайн және офлайн форматта өткізіліп, бала тәрбиесіндегі отбасының ролін арттыру мақсатында «Ата мектебі», «Әже мектебі», «Әке мектебі», «Ана мектебі» клубтары құрылды.

Ақмола облысы Ішкі саясат басқармасы «Қоғамдық даму орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен «Отбасы - тәрбие бастауы» атты тағалымды іс-шара өтті. Іс-шара барасында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары баяндама оқып, мектепте атқарылып жатқан тәрбие саласы бойынша тәжірибесімен бөлісіп, «Алғыс хатпен» марапатталды.

Наурыз айында «Ақмола облысы білім басқармасының әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен «Рухани – адамгершілік тәрбиенің негізі ретінде ұлттық құндылықтар жүйесін қалыптастыру» атты облыстық семинар ұйымдастыру барысында кітапханашы Б.Ө. Төлебаева, «Білімдік таңымдарын дамыту мақсатында ойын түрлерін қолдану», ал директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Д.М. Кенжина шебер сынып өткізіп, сертификаттармен марапатталды.

Кәсіби бағыт-бағдар беру бойынша да, Б.З. Әбділманова мектебімізде жоспарға сай түрлі оқу орындарымен кездесулер өткізіліп, мамандық таңдауға байланысты ЖОО-мен, колледж т.б. отырыстарды ұйымдастырды.

Ұлттық мүдде құндылығы барысында, «Білім күні» мемлекеттік Туды көтеру және Гимниді орындау Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін пайдалану ережесіне сәйкес жүргізіліп, 1-11 сынып-тарда «Мектебім-мейірім мекені!» алғашқы сынып сағаттары және әлеуметтік желілерде 1-2 минуттық бейнеролик орналастыру бойынша «Мектеп – мейірбандық мекені» республикалық челленджі және А.М. Ескен «Бала тәрбиесіндегі ұлттық құндылықтар» тақырыбында ашық сынып сағатын жүргізді.

Жас ұрпақтың бойынша патриоттық тәрбие беру, Отансүйгіштікке баулу, еліміздің ерлік істерін дәріптеу, білім, өнер, спорт, мәдени, экономикалық, әлеуметтік, басқа елдермен дипломатиялық, іскерлік қарым-қатынастағы жеткен жетістіктері мен терең білімнің адамзатқа пайдасы мен ұлттық құндылықтарды дәріптеу жағында ақпараттар, мәліметтер беру «Ұлттық мұраны, қазақ тілін ұлыстау» сынып сағаты, «15 қараша-Ұлттық валюта күні», 25-ші қазан Республика күні «Мәңгілік жаса, қыран елім Қазақстан!», «Тұлғасы тұнған тәлім, есімі елге мәлім-М. Ғабдуллин» сыныптан тыс жұмыстары «жақсы» деңгейде өтті.

Мектеп жанындағы интернат тәрбиеленушілерімен «Алтайдың асқақ жыршысы – Оралхан Бөкей», «Тілім менің ғасырларға аманат», «Армысың мектебім!» сыныптан тыс жұмыс, кітапханада «Балалар кітапханасы» жобасы бойынша «Кітапқа жазылмаған тарих» ерлік сабағы, «Мен оқыған бір ертегі» викториналық ойын, «Бір отбасы – бір кітап» отбасылық сайыс, 29-қазан қамқоршылар күні, әлеуметтік педагог «Мейірімді жан» тақырыбында құттықтау видеосы әзірленді. Атқарылған іс-шаралар «жақсы» деңгейде өтті деп бағаланды.

Ар-ұят құндылығы барысында, Г.А. Өмірбекова «Ар-ұят және жауапкершілік», Ж.С. Абдрахманова «Нан-дастархан байлығы», Ж.Б. Омарова « Адал достық-адамгершіліктің белгісі», Қ.Б. Тилеубаева «Синд-XXI ғасыр індеті», «Мейірімділік құндылығы», Ә.К. Әміржанов «Темекі тартқаның -өзіңді құртқаның», тәрбиеші У.Қ. Әбділманова «Жан қазынасы -адамгершілік негізі», Г.М. Шаймерден «Анашым-әкем, Қуанышым қос шынарым», К.К. Шолтышева «Имандылық -жүрекке ұяласа», Г.К. Қарабатырова «Отбасы -адамгершіліктің алтын қазынасы» тақырыптары аясында ашық сынып сағаттарын, Г.М. Садықова, Ж.С. Абдрахманова, Т.Б. Ергалнева «Ізгіліктің бір ізі-алғыс айту», «Қазақ қыздарының әшекей бұйымдарын тағу мәдениеті», У.Қ. Әбділманова «Бір әкенің тәрбиесін, жүз мектеп те бере алмайды», Ж.Б. Омарова, Т.Б. Ергалнева «Асыл жанды, ардақты қарттарым-ай», Халықаралық әйелдер мерекесінде бастауыш сынып мұғалімдері, Марат Амангүл, «Арулар асыл жандар», музыка жетекшісі, қосымша білім беру педагогы Батырхан Ержанат, Қ.Б. Тилеубаева, тәрбиеші А.Ж. Жанатаева, Г.А. Өмірбекова «Нұр себеле, Улыстың ұлы күні» тақырыбында сыныптан тыс жұмыстарын өткізді. Іс-шара барысында, оқушылар өздерінің жылы лебіздерін, әуелете шырқаған әсем әндерімен, ізгі тілекке толы өлең жолдары арқылы жеткізді.

Талан құндылығы бойынша, жасөспірімдер арасында өзіне – өзі қол жұмсауға бейімділікті суицид қаупін жедел диагностикалау, суицидтің ауыр әрекеттерінің алдын алу мақсатында суицидтік ниеттердің қалыптасу деңгейін анықтау үшін Х.Спилбергер әдістемесі негізінде жұмыстар

ұйымдастырылып,ерте жыныстықтан және нашарлықтың алдын - алу бойынша,педагог-психолог А.О.Тасинова 9-11 сынып-тармен «Біз қыздар мен ұлдар арасында» атты тақырыпта пікірталас,ерте жүктіліктің зияны мен денсау-лыққа тиізер салдары жайында әңгіме жүргізілді.Мектепте «Сенім жасігі» орнатылып,оқушылар арасында сауалнамалар алынды.Сауалнамадан қорытындысы бойынша, мектепте және сырттан оқушыларға епкандай қыспақ және болсауу әрекеттері көрсетілмегендігі анықталды. «Психологиялық қызмет және өзара қарым-қатынасты қалыптастыру» жұмыстары жүргізілді.Осы бағытта педагог-психологтың өткізетін сынып сағаттары білім беру ұйымдарында жасөспірімдердің қоғамға қарсы,агрессивті,девиантты,тәуелсіздік және басқа да деструктивті мінез-құлықтың бастапқы белгілерін анықтауға және алдын алуға бағыстылды.10 «а» сынып жетекшісі Марат Амангүл «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында ышқ сынып сағатын,орта және жоғарғы буын сыныптарымен «Мен өзіммен мақтанамын»,«Зиянды әдеттер және олармен күресу жолдары», «Құжықбузупшылық және жауапкершілік»,«Электрондық темекі және насыбайдың адам ағзасына зері әсері»,«Салауатты өмір салты – деген не?»,«Аутизм» айлығы,«Жасөспірімдер арасындағы қорқыту кибербуллинг» тақырыптары аясында,педагог-психологпен бірлескен жұмыс түрі «жақсы»дегенгеіле өтті.

«Балалар» клубы бойынша 6 «а» сынып оқушы-ларымен өзара қарым-қатынас,өзін-өзі бағалай білу үшін ынтымақтастық тренингі және Г.М.Сидықова «Салауатты өмір салтындағы дене белсенділігінің ролі» атты ашық сынып сағатын, тәрбиеші Т.Б.Ергалиева «12-сәуір адамзаттың ғарышты бағындарар күні», Г.М.Қазыбаева «Қош бол,бастауыш мектеп!», Г.К.Аманжолова «Жолың болсын,балдырған!» тақырыптары аясында сыныптық тас жұмыстарын өз деңгейінде өткізді.

Мамыр –ынтымақ айына орай, 24-ші мамыр күні 1-11 сыныптарға «Білімім-Отаным» бірінші сынып сипиттары, 9-11 сынып оқушылары «Мен Мектеп.Ұстаз» тақырыбында әссе, ал 25-ші мамыр күні мектеп түлектеріне арналған «Соңғы қаңырау!» іс-шарасы ұйымдастырылды.

«Оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру,кітапты ұқыпты пайдалануға үйрету,кітап арқылы оқу-тәрбие процесіне жарлмдесу» мақсатында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектеп кітапханаларының қызметін күшейту,олардан мемлекеттік тілдегі көркем әдебиет қорық айтарлықтай жаңарту міндеті қойылды.Мектеп кітапханаларының қызметі «Мемлекеттік білім беру ұйымдары кітапханаларының қорық қалыптастыру,пайдалану және сақтау қаңидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 44 бұйрығымен реттелді.

Республикалық балалар оқулары байқауының аудандық кезеңіне өкі оқушы қатысып II орын, «Ш.Уәлиханов атындағы Кокшетау университеті» КАҚ және Ақмола облысының білім басқармасының ұйымдастыруымен «Кітапқұмар» байқауда жазырма үш мектеп арасында 3-дәрежелі диплом және 30.000 теңге ақшалай сертификат иеленді.Жыл көлемінде жоспарлытық іс-шаралар толық өткізілді.17-ші мамыр 1-11 сыныптар үшін «Қанқұлда кітап оқыма» атты тақырыпта буккроссинг жұмысы ұйымдастырылды.

«Мектептің өзін-өзі басқаруы» бойынша аға тәлімгер мен бірлесі отырып,фракция жетекшілері Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру ұйымдарындағы оқушы (мектеп) өзін-өзі басқарудың біріншілі моделіне сәйкес тоғыз фракция жұмысын атқарды.Жаңа оқу жылында,ұйымның құрамы жаңартылды,әр фракцияның жаңадан жетекшілері мен серіктестері тағайындалып, жоспарлары құрылып, бекітілді.Мектеп президенті болып көпшіліктің дауысы бойынша бірауытқалы Меірамова Вера 60% дауыс жиынд, ұлықтау рәсімінде Аянт қабылдап,мектеп президентігіне тағайындалды.

«Жас Ұлан» біріншілі жасөспірімдер ұйымы биылғы жылы дажеті бағыт бойынша жұмысын жалғастырды.Өскелең жас ұрпақтан бойынша патриоттық,біліммен өзін – өзі жетілдіруге деген құштарлық,беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі мен болашағына деген жауапкершілікке тәрбиелеу мақсатында,мектеп бойынша,«Жас Ұлан» біріншілі жасөспірімдер ұйымы,«Адал ұрпақ» еріктілер клубтарының жұмыс жоспарлары құрылып,жыл көлемінде ұйымға қабылданатын оқушылар тізімі анықталды.Жыл көлемінде «Жас Қыран» ұйымына 55 оқушы, «Жас Ұлан» ұйымына 72 оқушы қабылданып,Аянт беру рәсімдері жүргізілді.

Мектебімізде еріктілер клубы да жыл көлемінде жақсы жұмыс атқарды.Соңғы кәрікесінде, «Қоғамға қызметі» әлеуметтік еріктілер жобасы бойынша 9 «а» сынып оқушысы Аянтұр Даулетұлы аудан әкімінің алғаш хатымен марапатталды.«Біз біргеміз» акциясы аясында шаруашылық көмегі

кажет ететін жандарға шаруашылық көмек көрсетілді. Ер балалар дала жұмыстарына қолғабыс етсе, қыздар үйдің ішкі шаруасына көмектесті. 7 «ә» сынып оқушылары, жетекшісі Г.Б. Асылбек өз колдарымен жасаған тоқыма бұйымдарын «Мамандандырылған Щучинск балалар үйіне сыйға тартты.» Қоғам игілігіне қызмет ету» тақырыбында Г.Б. Ахметжарова, аудандық «Мейірім» фондының жетекшісі Г. Даукенованың қатысуымен, кездесу түрінде ашық сынып сағатын, әлеуметтік педагог Қ.Б. Тилеубаева «Адамдарға қуаныш сыйла!» айдарымен қамқорлық акциясын және білім алушыларға оқуға түсер сәтте, аудан әкімі тарапынан көмек берілетіндігі жайлы жан-жақты мағлұматтар берілді. 10-шы мамыр күні І-ІІ сынып оқушылары «Ігі істер» акциясы аясында бірнеше жұмыстар атқарылды.

Қосымша білім беру педагогы Мерген Гүлжан дайындаған шәкірттеріміз аудан, облыс көлемінде «Театрдың тағайып әлемі» атты байқауда «Бас жүлде» иеленсе, ал республика бойынша сертификатпен марапатталды. Батырхан Ержанат мұғалімдер және республика күніне арналған сахналық қойылым, көркеөнерпаздар байқауын ұйымдастырды.

«Төрт тоқсан – төрт өнер» ұлттық мәдени - ағартушылық жобасы аясында «Ақындар айтысы», аясында барлық сыныптарда сынып сағаттары жүргізілсе, ал интернат тәрбиешісі Т.Б. Ергалиева «Айтыс өнері» тақырыбында ашық сынып сағатын өткізіп, ауданымыздың айтыскер ақыны Екпін Сәбетхан өсіп келе жатқан оқушыларға ұлттық дәстүрлі дәріптеуге жетелеп, өсіп келе жатқан ізбасарларына арнау тарту етті.

«Асық ату» үйірмесінің жетекшісі білім алушылар және ұстаздар арасында челлендж, ал тіл мамандары 5-11 сынып оқушыларына «Болашаққа хат» тақырыбында шығарма жазды.

Білім алушыларды спорт секцияларға тарту жұмыстары жыл көлемінде жалғастырылып, жұмыс кестесі құрылды [/public/files/2024/6/3/030624_152900_sekciyalardy_ghmys-kesles-2023-2024-ou-ghyly.pdf](public/files/2024/6/3/030624_152900_sekciyalardy_ghmys-kesles-2023-2024-ou-ghyly.pdf). Нәтижесінде, мектеп бойынша «Асық» ойындарына 6-10 сыныптар (20 оқушы), «Волейбол» секциясына 7-8-10-11 сыныптар (23 оқушы), ал «Футбол» секциясына 6-7-9-10-11 сыныптардан 29 оқушы, жалпы ұлттық дебаттық қозғалысына 27 оқушы, робототехникаға 37 оқушы қамтылды. Мектеп бойынша барлығы: 297 оқушы (Мектепалды даярлық сыныбы: 10 оқушы.)

Мектеп оқушылары қосымша қатысатын үйірме және спорт секциялары туралы мәлімет.
«Балалар шығармашылық үйі»: 119 оқушы, «Музыка» мектебі: 29 оқушы,
«Жігер сауықтыру орталығы»: 103 оқушы, «Зеренді мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі»: 20. Жалпы оқушы саны: 271 оқушы қатысты.

Аудан көлемінде өткен жарыстарда, оқушыларымыз төмендегі нәтижелерді көрсетті:

2023-2024 оқу жылының жетістіктері

Р/с	Аудандық	Облыстық	Республикалық	Жетекшілер
1	1. Асық ату командалық ІІ орын. Бес асық ІІІ орын. 2. Қысқы президенттік көпсайыс командалық ІІІ орын жекелей сында Хамитова Сафира І орын, тоғызқумалақ 5-6 сынып аудандық ІІ орын. 3. «Мектеп-лигасы» 9-11 сыныптар арасында аудандық асық ату жарысында командалық ІІ орын.			Өнер Адалбек
2	БЖСМ аудандық ашық жеңіл атлетика марафонда 2006-2007 жылғы ұлдар арасында 3000м қашықтықта І орын Қайыргельдинов Дамир, ІІ орын Жанбек Рахат иеленді, ал қыздар арасында ІІ орын Марат Мейірім,			

	3 орын Батырханова Анель иеленді.			
	<i>Жеңіс атлетика</i> Ядро итеру 2 орын Мұратбек Ақарыс 3 орын Мәлік Гүлназ. Ұзындыққа секіру 3 орын Сағындық Нариман. Хамитова Сафира 100м жүгіру 2 орын Қайыргельдинов Дамир, 200м жүгіру 2 орын Қайыргельдинов Дамир 3 орын Муканов Бауыржан, 400м жүгіру 3 орын Балтабай Нұрислам, 3000м жүгіру 3 орын Муканов Бауыржан, ұлдар және кыздар эстафета 4x100м 3 орын, жалпы командалық 3 орын.			
	<i>Жазғы Президенттік консайс жазғы командалық 3 орын. 2009-10 жылғы ұлдар арасында 1 орын Сағындық Нариман, кыздар арасында Мағанәуи Еркежан 3 орын</i>			
3	1. «Мектеп-лигасы» 9-11 сыныптар арасында аудандық тоғысқұмалақ жарысында командалық I орын. 1. «Мектеп-лигасы» 7-8 сыныптар арасында тоғысқұмалақ I орын. 3.«Мектеп-лигасы» 5-6 сыныптар арасында аудандық тоғысқұмалақ жарысында командалық II орын. 4. «Мектеп-лигасы» 9-11 сыныптар арасында аудандық шахмат жарысында командалық I орын. 5.«Мектеп-лигасы» 7-8 сыныптар арасында шахмат I орын. 6. Аудандық футбол жарысы 9-11 сынып I орын.			А.Е.Сейдахметов
4	«Жастар» спартакиадасы 9-11 сыныптар арасында аудандық үстел теннисі жарысы командалық I орын	7-8 сынып оқушылары арасында «Жастар Спартакиадасы» « Үстел теннисі» командалық		Н.К.Ахметбеков

		II орын		
5	«Ұлттық мектеп лигасы» бағдарламасындағы 9-11 сыныптар арасында аудандық үстел теннисі жарысы. «Үстел теннисі» командалық I орын	«Ұлттық мектеп лигасы» бағдарламасындағы Ақмола облысының жалпы білім беру ұйымдарының 5-6 сынып оқушылары арасында Бағдат Дина II орын		
6	Зеренді ауданының жалпы орта білім беретін мектептерінің 10-11 сынып оқушылар арасында «Айбын» әскери-спорттық түрлері бойынша аудандық жарыста III орын Арқан тартыстан III орын Арқанға жатып денені кетеруден (пресс) II орын			АӘД жетекшісі: Б.Е.Тасенов
7	"Зеренді тарихы" волейбол жарысында ұлдар I орын.			Б.З.Әбділминова
8	«Театрдың гажайып әлемі» атты байқау I орын	«Театрдың гажайып әлемі» атты байқау. «Бас жүлде»	«Театрдың гажайып әлемі» атты республикалық байқау. Сертификат	Аға тәлімгер: Гүлжан Мergen
9	«Менің елім – Қазақстан Республикасы» II орын ДИПЛОМ			Г.Б.Ахметжарова
10	«Республикалық балалар оқулары» байқауының аудандық кезеңі 9 «ә» сынып оқушысы Қалабаева Аделя II орын. Грамота	«Кітапқұмар» сайысы III дәрежелі ДИПЛОМ және 30.000 мың теңге Сертификат		Кітапхананы: Б.Ә.Төлебаева
11	«Ұрпақ тәрбиесі – ұлттың болашағы» атты аудандық семинарда өзінің озық тәжірибесімен бөлісетін үшін, сертификатпен марапатталды			4-сынып жетекшісі: Г.М.Қалибаева 7 «ә» сынып жетекшісі: Г.Б.Асылбек 8 «ә» сынып жетекшісі: Ескен А.М 6 «ә» сынып жетекшісі: Г.Б.Ахметжарова
12	Әлеуметтік педагогтардың аудандық семинарына қатысып, өзінің озық тәжірибесімен бөлісетін үшін, сертификатпен			Әлеуметтік педагог: Қ.Б.Тілеубаева

	марапатталды			
13	«Ақмола кадрлы» сырттай фото байқауында 5-6 жас аралығында «Менің сүйісі балабақшам» номинациясы бойынша Өділбек Қаусар Ерденқызы ІІ орын			А.О.Қошпаева І «а» сынып жетекшісі
14	« Озық педагогикалық тәжірибе – Зеренді ауданы педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін дамытудың негізі» СЕРТИФИКАТ	«Жаратылыстану – ғылыми сауаттылығын дамытуда тапсырмаларды орындау және әзірлеу тәсілдері» СЕРТИФИКАТ		Педагог-психолог: А.О.Тасенова
Мектепшілік сайыстар,байқаулар				
15	Мектепшілік «Үздік сынып жетекші-2024» байқауы			«Бас жүлде» Г.Б.Ахметжарова І орын Ж.С.Абдрахманова ІІ орын Ж.Б.Омарова ІІІ орын Ә.С.Садықова
16	«Екі жүлде» ән байқауы			«Бас жүлде» Ж.Б.Омарова І орын Г.М.Шаймерден ІІ орын Г.Б.Базарбева ІІІ орын Г.М.Садықова Музыка жетекшісі:Батырхан Ержанат
17	«Әнші балалар»			«Бас жүлде» Егін Асылназ І орын Ахметбек Інасу ІІ орын Ғабдулманова Жаннұр ІІІ орын Мәртгала Айым пеленді, Музыка жетекшісі:Батырхан Ержанат
18	Ардагер ұстаздар мен педагогтер арасында аудандық «Үстас-үлгі тәрбиешісі» пікір-сайыс турнирінде ІІІ орын Диплом			6 «а»сынып жетекшісі: А.С.Садықова
19	«Ақмола кадрлы» сырттай фото байқауында 7-10 жас аралығында «Мен осы жерді Отаным деп санаймын» номинациясы бойынша			Тәрбиеші: Г.Б.Ергалиева

	Русланов Амир II орын			
	Сұлтанмахмұт Торайғыровтың 130 жылдығына орай мәнерлеп оқу сайысына 10 сынып оқушысы А.Есенова Аяжан I орын, Е.Қажыбай Еркежан II орынға ие болды. Дипломмен және сыйлықтармен марапатталды.			
20	Дүниежүзілік Жер Күніне арналған облыстық экологиялық музейлер	Дүниежүзілік жер күніне арналған облыстық экологиялық музейлер фестивалінің «Сұлулық әлемді құтқарады» номинациясы II орын	Қоғам қайраткері, көрнекті ағартушы Міржақып Дулатұлының атын ел көлемінде дәріптеп, ақынның мол мұрасын және ұрпақтың жадында қайта жаңғыртуға арналған республикалық «Оян, қазақ!» шығармашылық байқауына 10 сынып оқушысы А.Толетов I орынға иеленді. Алғыс хат	У.Қ.Әбділмашова
	Фестивалінің Аудандық кезеңінің «Сұлулық әлемді құтқарады» номинациясы бойынша 4 сынып оқушысы А.Габбасова I орын			
	3.Ауғанстан Демократиялық Республикасының Кеңес әскерлері шектеулі контингентінің шығарылғанына 35 жыл талуына арналған «Мен «облогермін» байқауының «Құстарды қыста тамақтандыр» номинациясы бойынша Аленова Гульнәз Сертификат иеленді.			
			«Оян,қазақ!»атты өлең және суреттер байқауы Диплом Алғыс хат	
	«Ақмола кадрлар» сырттай фото байқауында 11-14 жас аралығында «Смайл»номинациясы бойынша I орын			

21	«Педагогикалық идеялар фестивалі» I орын	Ауғанетан Демократиялық Республикасынан Кеңес әскерлері шестеулі контингентінің шығарылғанына 35 жыл толуына арналған «Мен «экологермін» байқауының «Құстарды қыста тамақтандыр» номинациясы бойынша 6 сынып оқушысы Босенгелді Мансурды қатыстырып, аудандық кезеңнен I орын және облыстық кезеңнен I орын иеленіп, диплома мен сертификат, сыйлық және жетекшіге алғыс хат берілді.	"Атамұра" республикалық ғылыми-әлістемелік орталығының ұйымдастыруымен өткен "Болаулар күніне" байқауына интернат тәрбиеленушісі М.Марат "Қауіпсіз мектеп автобусы" тақырыбында салған суреті бойынша II орынға ие болды. Алғыс хат	Ә.С.Құсакаева
	"Мен табиғатты танып білемін" атты облыстық зерттеу байқауының аудандық кезеңінде "Табиғатты жүрегіңмен сезін" номинациясы бойынша II сынып оқушысы М.Марат III орын.		Қоғам қайраткері, көрнекті ағартушы Міржақан Дулатұлының атын ел көлемінде дәріптеп, ақынның мол мұрасын және ұрпақтың жақынды қайта жаңғыртуға арналған республикалық «Өмір, қандақ!» шығармалық байқауының «Жұрттың-ау қыласаң еңбек, болып құрлық» номинациясының 4 сынып оқушысы Габбасова Ангелинаны I орынға ие болды Алғыс хат	
	«Табиғат-тіршілік көзі» Аудандық экологиялық олимпиадасының «Идеядан іс асыруға дейін» тақырыбы бойынша «Лэтбоук» байқауына 6 сынып оқушысы Мейрамова Алиянаны қатыстырып, сертификатқа ие болды.			
	Дүниежүзілік Жер Күніне арналған облыстық экологиялық музейлер Фестивалінің Аудандық кезеңінің «Екінші өмірге			

	дем берейік!» номинациясы бойынша 8 сынып оқушылары Аскерова Назерке Ерболатовнаны, Саңсызбай Назгуль Мұратқызын, Төлеген Алина Манарбекқызын қатыстырып. Сертификат иеленді			
22	«Ұрпақ тәрбиесі – ұлттың болашағы» аудандық семинарын ұйымдастыруға қосқан зор үлесі үшін АЛҒЫС ХАТ	«Қазақстан оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағының Астана қаласы мен Ақмола облыстық ұйымы» ҚБ ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ		Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Д.М.Кенжина
	«2023-2024 оқу жылына арналған атаулы жән атаулы күндер күнтізбесі» тақырыбы бойынша,өзінің озық тәжірибесімен бөліскен үшін. Сертификат	«Ақмола облысының ішкі саясат басқармасы» СЕРТИФИКАТ		
	«Ақмола кадрда» сырттай фото байқауында 10-14 жас аралығында «Әзіл кадрда» номинациясы бойынша Кенжин Нұрислам II орын	Ақмола облысы Ішкі саясат басқармасының «Қоғамдық даму орталығы»КММ «Отбасы-тәрбие бастауы» Алғыс хат Ақмола облысы білім басқармасының әдістемелік орталығы «Рухани –адамгершілік тәрбиенің негізі ретінде ұлттық құндылықтар жүйесін қалыптастыру» облыстық семинар.Өз тәжірибесімен бөліскені үшін СЕРТИФИКАТ		

25 қазан Республика күніне орай, «Мәңгілік жаса, қыран елім Қазақстаным!» атты айдармен жұмыс түрлері жоспарланып, біріншіма ауқымды іс-шаралар іске асырылып, атқарылды. Олар: сынып сағаттары, бірыңғай Мемлекеттік Гимнді орындау, мерекелік құттықтаулар, патриоттық өлеңдер оқу челленджі, суреттер байқауы, флешмоб, тарихи-этно-графиялық мұражайға саяхат. Бұл аталған іс-шаралар толығымен атқарылып, жүзеге асты.

Демалыс уақытындағы қауіпсіздік ережелерді сақтау мақсатында барлық оқушылармен сынып жетекшілер әңгіме, ал ата-аналар мен оқушыларға нұсқаулықтар жүргізіп, ережелермен таныстырды.

Қорыта келгенде, тәрбиенің жақсы, әлсіз, қауіпті, мүмкіндіктері мынадай :

S «Мықты» жағы

- 1.Аудан орталығындағы мектеп болғандықтан білім алушылардың түрлі үйірме,секцияларға толық тартылуы.
- 2.Сынып жетекшілердің бастамашылдығы,тәжірибелі болуы.
- 3.Ұйымның ұйымшылдығы.
- 4.Мектептің материалдық-техникалық базасының мықтылығы.

W «Әлеі» жағы

- 1.Жыл сайын мектеп тәлімгерлерінің жұмыстан кетуіне байланысты жүйелі жұмыстың болмауы.
- 2.Мектеп оқушыларының кітапқа құмар болмаулары.
- 3.Аудан мещенаттары мен кәсіпорындармен байланыстың әлсіздігі.

O «Мүмкіндіктер» жағы

- 1.Ор оқушының қабілеттерін ашу үшін жаңа идеяларды қалыптастыру.
- 2.Мектептегі «Өзін-өзі басқару», «Ішкірайыс» жобаларын дамыту арқылы білім алушылардың рухани дамуын,жан-жақтылығын көбейту.
- 3.Ата –аналарды көбірек шаңырақ клубтарына тарту.

T «Қауіп-қатерлер» жағы жақсы

- 1.Электронды темекі кәмелет жасқа толмағандардың ермегіне айналып жатқандығы.
- 2.Тәлімгер-педагогтың тұрақсыздығы.
- 3.Білім алушылардың бос уақыттарында ұялы телефонға тәуелділігі.

Жоспарланған нәтижелер: Түлектің патриот азамат ретіндегі моделі, білімді адам, еркін, мәдени, адамгершілік, өзін-өзі дамытуға қабілетті тұлға, әлеуметтік жетілу,өз іс-әрекеті үшін жауапкершілік, жеке тұлғаны сезіну, қоғамдық тану қажеттілігі, қажетті білім деңгейі.Оқушылар ұлттық құндылықтар туралы түсініктерін қалыптастырды.

- Оқушылар жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағытталған оқушылардың өзін-өзі басқарудың ұжымдық шығармашылық қызметіне белсенді қатысты.
- Оқушылардың ең көп саны қосымша білім беру жүйесіне енгізілген. Үйірмелерде сабақтарды ұйымдастыру адамның таным мен шығармашылыққа деген ынтасын дамытуға бағытталды.
- Сынып жетекшілерінің кәсіби шеберлігі мен өзін-өзі тәрбиелеуге деген ынтасы артты, соның арқасында сыныптардағы тәрбие жұмысының тиімділігі артты.
- Оқу процесінің тиімділігін бақылау жүйесі оқу процесінде болып жатқан өзгерістерді және оларды тудыратын факторларды уақтылы анықтауға және талдауға мүмкіндік берді.
- Ата-аналардың педагогикалық мәдениеті арттырылды, жұмыс жүйесі ата-аналардың шығармашылық әлеуетін ашуға,отбасы дәстүрлері мысалында отбасылық тәрбиені жетілдіруге, бала тәрбиесіндегі отбасының ролін күшейтуге ықпал етеді.